

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 2023-2024 оқу жылындағы талдау қорытындысы.

2023-2024 оқу жылында денсаулығына байланысты 16 қаңтарда 1-сыныпқа Ақтөбе облысындағы №7 арнайы (түзету) мектебінен Қарасу негізгі мектебіне ауысып келді. ОПМПК-ның шешімімен типтік арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламасы бойынша үйден оқытылады.

Диагнозы-орташа ақыл ой кемістігі. Аман Перизаттың танымдық әрекеттері төмен. Оқушының көбінесе көріп қабылдау қабілеті орташа деңгейде. Оқуға деген қызығушылығы төмен, танымдық белсенділігі, зейіні тұрақсыз, ойлау жылдамдығы төмен деңгейде. Берілген тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен мүмкіндігінше орындауға тырысады. Іс-қимыл қалыптастыру жаттығуларын мұғалімнің көмегімен орындайды. Ұсақ қол моторикасы, синсорикасы, қол қимылдары төмен, қалам ұстай алмайды, жаза алмайды. Сөйлей алмайды, бір буынды сөздерді дыбыстап айтады. Үйден оқытылатын оқушының үйден оқытылатын арнайы бөлме даярланып, сабақ оқуға ыңғайлы барлық мүмкіншілік жасалынып (үстел, орындық, жарық, бөменің кеңтігі, оқу құралдарымен) қамтамасыз етілген. Мамандар біліктілік курстарынан өтті.

Оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыс жоспары жасалып, төмендегідей жұмыстар өткізілді. Қаңтар айында оқушының ата-анасымен сұхбат хаттамасы, сауалнамалар алынып және 1а, 1б, 1в формалары толтырылды. Сауалнама қорытындысы бойынша ата-анаға баласын оқытуды ұйымдастыру мен көмек көрсетуді жақсартуға септігін тигізді. Баласының күшті жақтары мен әлсіз жақтарын атап көрсетті. Оқушының ата-анасымен жиі қарым-қатынас жасалынып оқушыға күнделікті сабақ өткізуі туралы бақылау күнделігі жүргізіліп, ата-ана қолын қойып отырады. Қаңтар, наурыз, мамыр айларында оқушыны сабақта бақылау хаттамасы 2а, 2б формалары толтырылды. Мамыр айында оқу пәндері бойынша оқушының жетістіктері формаларға сәйкес толтырылды. Психологтың бақылау хаттамасы, оқушыға психолог және сынып жетекші мінездемесі берілді. 3-форма әр маманмен толтырылды. Оқушының оқу қиындықтары және олардың себептерін ұжымдық талдау жүргізілді. Оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасына сәйкес сабақ процесі жүргізілді. Ерекше білімді қажет ететін оқушымен жеке сабақтар, сабақ кестесіне сәйкес өткізілуде. Ерекше білімді қажет ететін оқушының жыл соңына дейін алған жетістіктері мен олқылықтары сараланды.